

Инвестициялық алтын мен күмісті өткізу бойынша жеке тұлғаларға салық салу

ҚҚС:

Банктен сатып алынған инвестициялық алтынды өткізу, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банкте ашылған металл шоттары арқылы инвестициялық алтынды өткізу ҚҚС-дан босатылған.

Декларацияларда көрсету:

Жеке тұлға есепті кезең ішінде (күнтізбелік жыл) инвестициялық алтын мен күмісті өткізуден кіріс алған кезде, мұндай кіріс **270.00**-нысан бойынша декларацияда (жеке тұлғаның кірістері мен мүлкі туралы декларация) міндетті түрде көрсетіледі.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияға (**250.00**-нысан) келетін болсақ, онда инвестициялық алтын мен күміс түріндегі активтер көрсетіледі.

Нақты құйма алтыннан, сондай-ақ металл шоттағы алтын мен күмістен түсетін кіріс:

Кіріс тек мүлікті өткізген сәтте (Салық кодексінің 331-бабы) және мүлікті өткізу бағасы (құны) мен оны сатып алу бағасы (құны) арасында оң айырма (өсім) болған жағдайда туындайды.

Жеке тұлға алтынды өсіммен сатқан кезде декларацияны өз бетінше тапсыруға міндетті.

Салық кодексінде металл шоттар бойынша алынатын кіріске салық салуға қатысты нормалар қарастырылмаған.

Алайда металл шоттағы алтын, күміс немесе басқа да металдарды өткізген кезде өсім алынған жағдайда, бұл кіріске де салық салынуы тиіс деп есептейміз. Жеке тұлғалар бұл кірісті 270.00-нысан бойынша декларацияда көрсетуге және ҚР СК 321-бабының 17-тармақшасына сәйкес, тікелей қарастырылмаған басқа да кірістер ретінде жеке табыс салығын (ЖТС) төлеуге міндетті. Нақты алтындағыдай, мүлікті өткізу бағасы (құны) мен оны сатып алу бағасы (құны) арасындағы оң айырма (өсім) кіріс болып саналады.

Мысалы:

Жеке тұлға 5 грамм алтынды 50 000 т/грамм бағамен сатып алды. Сатып алу сомасы: $5 * 50\,000 = 250\,000$ теңге.

Кейінірек жеке тұлға 5 грамды 52 500 т/грамм бағамен сатты. Сату сомасы: $5 * 52\,500 = 262\,500$ теңге.

Өткізуден түскен кіріс = Сату бағасы – Сатып алу бағасы

$262\,500 - 250\,000 = 12\,500$ теңге

ЖТС = $12\,500 * 10\% = 1\,250$ теңге

Салық кодексінің 1-бабының 1-тармағының 27) тармақшасында келесі ұғым берілген:

27) инвестициялық алтын – мынадай шарттарға сәйкес келетін алтын:

алтын монеталар үшін:

- мұндай алтын монеталардың нумизматикалық құндылығы болмайды;
- алтын монеталардың тазалығы жалпы массасының 1000 үлесінің 900 мыңдық үлесіне тең немесе одан асады (бұл 900-сынамаға, 900 промиллеге, 90,0 пайызға немесе 21,6 каратқа сәйкес келеді).
- Бұл ретте алтын монета мынадай шарттардың біріне сәйкес болған кезде:

1. 800 жылға дейін соғылған;
2. «пруф» (proof) сапасымен бетінің айнадай болып шығуын қамтамасыз ететін технология бойынша соғылған;
3. шығарылымының таралымы 1 000 данадан аспаған;
4. оның нарықтық бағасы монета құрамындағы алтын құнының 80 пайызынан асқан жағдайда, оның нумизматикалық құндылығы бар деп танылады.

Монетаның құрамындағы алтынның құны алтын монетаны өткізу күні Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығы белгілеген алтынның таңертеңгі фиксингін (баға белгіленімін) көрсетілген күннің алдындағы соңғы жұмыс күні айқындалған валюта айырбастаудың нарықтық бағамына көбейту арқылы айқындалады.

Қалған алтын үшін:

- мұндай алтын аффинирленген болып табылады (мұндай алтынның тазалығы лигатуралық массаның 1 000 үлесінің 995 мыңдық үлесіне тең немесе одан асады (бұл 995-сынамаға, 995 промиллеге, 99,5 пайызға немесе 23,88 каратқа сәйкес келеді);
- мұндай алтын ұлттық немесе халықаралық стандартқа сәйкес келеді, өлшеуіш немесе стандартты құйма және (немесе) тілім түрінде дайындалып, мынадай таңбалау салынады:

стандартты құйма және (немесе) тілім үшін:

1. сериялық нөмірі (дайындалған жылы қамтылуы мүмкін);
2. дайындаушының тауар белгісі;
3. алтынның тазалығы (массалық үлесі);
4. егер сериялық нөмірге енгізілмеген болса, дайындалған жылы;

өлшеуіш құйма үшін:

1. металдың атауы;
2. дайындаушының тауар белгісі;
3. алтынның тазалығы (массалық үлесі);
4. құйманың массасы;

Келтірілген салық салу тәртібі салық заңнамасында тікелей әрі нақты қарастырылған жағдайларды қоспағанда, субъективті пікір болып саналады.

Осыған байланысты Банк клиенттеріне Мемлекеттік кірістер комитетіне немесе Қаржы министрлігіне сұрау салу ұсынылады.

Маңызды! Түсініктемелер 2025 жылғы шілдедегі жай-күй бойынша қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес дайындалды.